Алаш жолы

қоғамдық-саяси, тәжірибелік апталық газет

№25-26(38-39) 08.07.2015

АЖ - ақпарат

Қанша грант бөлінді?

«Білім және ғылым министрі Такир Балықбаев алдағы оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі жайында айтып берді», - дер хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

«Алдағы білім берудің мемлекеттік тапсырысын бекіту туралы қаулы қабылданды. Мемлекеттік тапсырыс көлемі - 39 994 орын, оның ішінде бакалавриат - 32 168 грант, магистратура - 7 241 грант, докторантура - 623 грант. Мемлекеттік тапсырыста алдағы жылдардағыдай техникалық мамандықтар көш бастап тұр - 42,4 пайыз», - деді министр Астанадағы алқа отырысында.

Оның айтуынша, бұл жылдағы ерекшелік гранттардың тіл бойынша үлестірілуінде - қазақ бөліміне 75 пайыз және орыс бөліміне 25 пайыз. «Мұндай шешім қазақ бөліміндегі конкурсты есепке алудың және межелік балдың деңгейінің негізінде қабылданды», - деп түсіндірді ол.

Өмірге үшем келді

Сүйінші! Қызылорда облыстық перинаталдық орталығында үшем дүниеге келді. Мұндай жағдай биылдыққа өңірімізде бірінші рет тіркелді.

\Екі қызды бағып-қағып отырған 36 жастағы Дина есімді байқоңырлық келіншек біраздан бері ұл сүюді армандап жүрген еді. Оның арманы орындалды. Орындалғанда қандай! Өмірге бірден шекесі торсықтай үш ұлды әкелді.

- Аяғым ауыр кезде УЗИ-ге түскенімде үшем болатынын айтқан. Әрине, біз қуандық. Қорқыныш сезімі де болғанын жасыра алмаймын. Бірақ дәрігерлердің арқасында бәрі ойдағыдай болды. Оларға көп рахмет, - дейді Дина.

Балалардың әзірге есімдері қойылған жоқ. Былтыр орталықта 72 егіз және 4 үшем туылды. Осындай нәтиже биыл да қайталанатынына сенім зор.

ҚЫЗЫЛОРДАДА КӘСІПКЕРЛЕР 700 МЛН.ТЕҢГЕ ҚАРЖЫСЫН САҚТАП ҚАЛДЫ

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасымен кәсіпкерлерді құқықтық қорғау бағытында 214 өтініш қаралды. Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында түскен өтініштердің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 40 пайызға артық. Бұл жөнінде облыстық кәсіпкерлер палатасы баспасөз қызметі хабарлады.

Осы уақытқа дейін 73 кәсіпкердің құқығы қорғалып, мәселелері нақты шешілді. Мұнан өзге, Палатаның қызметкерлері 30 сот процесіне қатысып, кәсіпкерлердің мүддесін қорғады. Нәтижесінде сот процесінің 80 пайызы кәсіпкерлердің пайдасына шешіліп, бизнес өкілдері 700 млн. теңгеге жуық қаржысын сақтап қала алды.

Кәсіпкерлердің құқығын қорғау кеңесінің 7 отырысы өткізілді. Кеңес отырысында қаралған 22 мәселе бойынша 30 кәсіпкердің құқығы қорғалған. Отырыстарда қаралған мәселелерді прокуратура, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментімен бірге жүзеге асыру нәтижесінде 7 лауазымды тұлға тәртіптік шараға тартылды.

Сонымен қатар, облыстық прокуратура, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментімен бірге 16 тексеру жүргізіліп, 10-нан аса мемлекеттік органның қызметіне талдау жүргізілді.

Тексерулер барысында 50-ге тарта заң бұзушылықтар анықталып, 15 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Мұнымен қоса, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасына қоғамдық мониторинг жүргізіліп, 2600-ге жуық кәсіпкердің арасында сауалнама жүргізілді. Қорытындысымен кәсіпкердің мүддесіне қайшы келетін 60-қа жуық заң бұзушылық анықталды.

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы жергілікті және республикалық мемлекеттік органдармен ұсынылған нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын тұрақты түрде қарап, талқылауда. Мәселен, өткен жылы жергілікті атқарушы органдардан түскен 201 нормативтік-құқықтық актінің жобасы бойынша Кәсіпкерлер палатасы ұсыныстар мен толықтырулардан тұратын 65 эксперттік қорытынды берді. Мұнымен қоса, қазіргі қолданыстағы 52 заң бойынша ұсыныс беріліп, 11 нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ, Кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлерден түскен өтініштер бойынша проблемалық мәселелердің реестрін қалыптастырып, мәселе шешілгенге дейін тұрақты бақылауға алады.

Палатамен 73 проблемалық мәселенің тізілімі қалыптастырылып, Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жолданды. Нәтижесінде жергілікті 29-ы шешіліп, 25-і бойынша түсіндірме берілді. Қалғандары қаралуда.

АЖ-ақпарат

УАҚ МАЛ неге қырылды?

Кешегі дала жануарының өлімінен соң, біраз уақыт еш жия алмай қалған едік. Ол кезде әркім әртүрлі пікірін ортаға салып-ақ жатты. Әйтеуір, Арқадағы апатқа ешкімнің бей-жай қарамайтыны көңілімізге сәл болса да медеу болған еді. Қырсық шалғыр, «Бір айналдырғанды, шыр айналдырыды» деуші ме еді, осы? Арқадағы апат асықпай-аптықпай Сыр бойына да келіп жеткендей. Бұл жолы бөкен емес, уақ малдардың жаппай қырылуы орын алды. Түсінікті болуы үшін басынан бастағанды жөн көрдік. Маусым айының 24-і мен шілде айының 1-і аралығында Жаңақорған ауданындағы бірнеше шаруа қожалықтарында уақ малдардың қырылуы байқалған. Анығырақ айтқанда, «Ынтымақ» шаруа қожалығында 50 бас, «Көбелдес» шаруа қожалығында 151 бас, «Ақсеңгір» шаруа қожалығында 27 бас, барлығы 228 бас малдың шығынға ұшырағаны белгілі болды. Тағы бір өкініштісі, бұл көрсеткіштің әлі де өсуі мүмкін. Себебі, аталған қожалықтарда 250-ге жуық малда аурудың белгілері байқалған. Және де, шығынға ұшыраған малдардың 90%-ы төлдер екендігі айтылады. Шаруа қожалықтарының малдары асыл тұқымды болып келеді, яғни, олар өңірімізге Ақтөбе, Павлодар сынды облыстардан әкелінген.

Осыған сәйкес аталған мәселенің мән-жайын анықтау мақсатында арнайы комиссия құрылып, аталған шаруа қожалықтарына екі рет барып, зерделеу жұмыстарын жүргізген болатын. Облыстық ветеринарлық бақылау басқармасы мамандары аталған жайтқа байланысты баспасөз өкілдерімен брифинг ұйымдастырды. Баспасөз мәслихатында, мамандар ауырған малдарға қарсы патологиялық үлгі және ошақтағы шөптен, топырақтан, судан үлгілер алынғандығын айтты. Сараптама қорытындысы 10-15 күнде белгілі болмақ. Сонымен қатар, мамандар бұл жағдайды күннің ысуы салдарынан орын алуда деп тұжырымдады. Әйтсе де, себебі алдағы уақытта толықтай нақтыланатын болады.

Ауру малдардың клиникалық белгілері мынадай: ауыз, тану қуыстарының шырышты қабатының қабынуы, ентігуі, көбікті сілекей бөлінуі, арасында тынысы ауырлап жөтелуі және төлдердің өкпе болуы байқалады. Комиссия өкілдері күннің ысуына байланысты, малды салқын кезде жайып, күндіз көлеңкеде ұстауға, шығын көлемін асырмаудың алдын алуға кеңестер берді. Сондай-ақ ауырып тұрған малдар оқшауланып, антибиотиктермен және қан сарысуларымен емдеу жұмыстары жүргізіліп жатқанынан хабардар етті.

Қазіргі таңда, аталған жер ветеринарлық бақылау басқармасы тарапынан тікелей бақылауға алынып, тиісті ветеринарлық-санитарлық іс-шаралар жүйелі түрде жұмысын жүргізіп жатыр. Брифинг соңында, журналистер тарапынан сұрақтар қойылып, комиссия өкілдері сауалдарға өз жауаптарын беріп жатты.

Рыскелді ЖАХМАН

АҢДАТПА

ШКОЛЬНИКТІҢ мұнысы несі?

2-бетте

ҚІРІМІЗДІҢ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ РКЕНДЕП КЕЛЕДІ

3-бетте

ҚАЙТЫС БОЛҒАН НЕМЕРЕСІНЕ ЖӘРДЕМАҚЫ АЛЫП КЕЛІПТІ

4-бетте

АУАДАН АҚША ЖАСАУ НЕМЕСЕ «МАМАНДАНҒАН ҰЙЫМДАР» ДЕГЕН КІМДЕР?

Мәжіліс депутаты Айқын Қоңыров бастаған Парламенттегі Қазақстанның халықтық коммунистер партиясы фракциясының мүшелері Ұлттық Банк төрағасы Қайрат Келімбетовке ерекше сауал жолдады. Онда Ұлттық банктың екінші деңгейлі банктердің әрекетін қадағалауды әлсіретуінің салдарынан соңғылар ауадан ақша жасауды шектен тыс көлемге асырып жібергеніне назар аударылған.

Әрине, ауадан жасалған ақша сайып келгенде борышкерді шырылдатып, соның мойнынан өндірілетіні де сөзсіз. Мәселен, бір борышкер банктен 50 мың доллар қарыз алып, оны өсімпұлымен бірнеше жылға бөліп төлеуге келісімшарт жасады дейік. Бірақ әлдебір себеппен график бойынша төлемді тоқтатқан. Демек, осы сәттен бастап оның банкпен арадағы келісімшарты бұзылған болып саналуы керек қой. Банк қалған соманы қайтартуға әрекеттенеді, болмаса сот арқылы өндірсе керек еді.

Алайда банктер бұл іспен айналыспай, негізгі қарызға қоса өсімпұлды есептеп, оны арттыра беретін көрінеді. Сосын қарыз әбден көбейген кезде оны… «үмітсіз қарыздар» деп арнайы маманданған ұйымдарға сататын көрінеді. Ал мұндайлар борышкерлерді шырылдатып, қарыздың есебіне деп үйлерін, мүліктерін тартып алуға арнайы «маманданғандар» екен. «Естімеген елде көп, есек мінген сартта көп» деген сол әне… Соттасуға, дауласуға, тартып алуға маманданған мұндайлардың артында қандай да бір күштердің тұрғанын сезуге болады.

Ал банк ше… Банктың есебі түгел, ол борышкердің үстінен «арнайы маманданған» сатып алушы табылғанша борышкерге өсімпұлды үйіп-төгіп есептей береді. (2006 жылға дейінгі нормативте бұлай етуге болмайтын). Ешқандай ақшасы күйіп, терісі тарылып жатқан жоқ. Мәселен, «Темірбанк» АҚ 2012 жылы «үмітсіз қарыз» деп баланстық есебінен шығарған осындай 7 млрд. 674 млн теңге қарызын «арнайы маманданған» «TILBAGE COMPANY» деген фирмаға 2 млрд. 45 млн. теңгеге сатып жіберген. Есептен шығарылған қарыз деп болғандықтан бұл банктың таза табысы болып есептеледі. Оның ішінде көп дегенде жүзден бір бөлігі ғана банктың бұрынғы шығыны, ал қалғаны «өлі шығынға» есептелген өсімпұл… Демек, ауадан жасалған ақша.

Тіпті, кейбір банктер осындай әрекеттерге әбден маманданып алған да сияқты. Мысалы, дәл осы банк 2008 жылы да өзінің үмітсіз қарызы деп есептелген 12 млрд. теңгесін дәл осы «маманданған» фирмаға 3 млрд. 140 млрд. теңгеге сатқан екен.

Аты мен затын ешкім, ешқандай күдік ойламасын деп қазақша да, орысша да емес, ағылшынша атаған, ал артында бір алып тұрған маманданған батыр борышкерлерді шырылдатып, дүние-мүлкін сот арқылы тартып алып жатады. Бәрі заңды сияқты. Ал обал-сауап дегенді ешкім де ескермейді…

Коммунист депутаттар болса Ұлттық банк төрағасынан осындайға «маманданған» фирманың 10 жылға таяу уақыттағы іс-әрекеттері неге ешқандай заңмен реттелмеген дейді. Бұл борышкердің мүддесін қорғамау болмай ма, банктер қарызды сатқаны, яғни өзімен келісімшартты үзілді-кесілді бұзғаны жөнінде борышкерді неге хабардар етпейді деген сияқты сауалдар қояды. Ең бастысы әрине, «маманданған» фирмалардың іс-әрекетінің заңмен жүргізілмейтіндігін көрсету. Ал заңмен жүргізілмеген дүниенің бәрі заңсыз емес пе? «Маманданған ұйым» деген біреулердің ауадан ақша жасайтын құралы ма?

Серік Елеубаев,
сарапшы

КӨЗБОЯУШЫЛЫҚПЕН КӨГЕРЕ МЕ?

Халыққа қолжетімді тұрғын-үйге байланысты мемлекеттің саясаты – қайтсе де жеңілдік жасау, банкіден жеңілдетілген өсіммен несие беріп, баспанаға қол жеткізу деп мақтауын келістіріп-ақ айтып жатамыз. Сол үшін ашылған «Тұрғын-үй құрылысы банкі» (ТҚБ) де бар. Оған алатын пәтеріне қажетті соманың жартысын жинасаң болды, қалған жартысын қосып несие береді, сосын тұрғын-үй сатып алып, шалқы да отыр дейміз.

«Бақсақ бақа екен», бұл ТҚБ-ның да халықты қарқ қылып жатқаны шамалы көрінеді. Оны Мәжіліс депутаты Тұрсынбек Өмірзақов әшкерелеп, Премьер-министр Кәрім Мәсімовтың атына сауал жолдап, өкіметтің жәрдем береді деген банкысының сиқын қараңыз, мұның жекеменшік коммерциялық банктерден еш айырмашылығы жоқ екен ғой деп жар салды.

Мәселеде мынада болып шықты: клиент сатып алмақ үйінің жартысын ТҚБ-да жинақтап, енді соның екі есе көлеміндегі несие алып, көздеген үйімді алайын деп барады ғой. Жинаған қоры 50 мың АҚШ долларындай болса, банк оған 100 мың доллар беруге тиісті.

Сөйтсе… ТҚБ жинаған қаражатыңа қосып 50 мың доллар бермейді екен де… бірден өзінің 100 мың долларын ұстататын көрінеді. Неге дейсіз ғой? Өйткені, 100 мың долларға есептелетін банктың өсімпұлы 50 мың доллардан екі есе көп қой. Сөйтіп, 100 мың доллар үшін жылдық 7,5 пайызды санап беріп отыратын көрінесіз.

Оу, өзімнің жинаған 50 мың долларым қайда кетті дейсіз ғой сіз. Саспаңыз. Оны банк сіздің атыңызға депозит ашып, салып қоятын көрінеді. Банктың оған беретін жылдық өсімі көп болса 3 пайыздың төңірегі ғана. Ал өзі сізден 100 мың доллар үшін жылдық 7,5 пайыздық өсімпұл алады. Бұл шамамен 7500 доллар болса, сізге беретін 50 мың доллардың өсімі 1500 доллардың төңірегінде ғана. Айырмашылығы 6000 доллар… Өсімпұлмен өндіршегің үзілгір банк халықты өстіп қан қақсатады екен. Мұны кім білген, несие береді деп мәз болып жүреміз ғой.

Бұл бұл ма, ТҚБ клиентке несие бергенде өздерінің атқаратын есепшот ашу, өтінішті қарау, жылжымайтын мүлікті сақтандыру, несиені ұйымдастыру, тіпті есепшоттағы ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру сияқты толып жатқан қызметтері үшін де қосымша ақша алады екен.

Міне, халыққа жаны ашитын болды деп өкіметтің ашып берген банкының сиқы осындай. Толып жатқан «Жеңіл», «Бастау» деген бағдарламалары бойынша алған 100 мың доллар несиеңіздің үстіне 6,2 млн. артық ақша төлейді екенсіз. Бұның басқа банктердікінен айырмашылығы шамалы ғана.

Осы мәселелердің бәрін Кәрім Мәсімовке жазған депутат мұндай көзбояушы жеңілдіктерден арылу жолдарын табыңыз деген талап қойды. Содан бірдеңе шықса игі.

Серік ЕЛЕУ,
сарапшы

ШКОЛЬНИКТІҢ мұнысы несі?

Біресе еліміздің АТОМын басқарып, біресе энергетикасын басқарып, қарапайым қараша арасында «мәңгілік министр атағын» алып үлгерген Владимир ШКОЛЬНИКтің қайтып айналып энергетикаға келгеніне де көп уақыт бола қойған жоқ. Мықты энергетик деп есептелетін осы кісінің соңғы кездері қараша халыққа келгенде «қылшығы қисайып» қалатын болып жүр, жасыратыны жоқ.

Енді міне, «мәңгіліктің» бастамасымен елімізде тағы да электр энергиясына деген тариф «жұп-жуан» 20 пайызға көтерілейін деп жатыр – алдағы тамыздың бірінен бастап. Осы жерде «тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығынын» қалайша қысқартуға болады?» деген заңды сұрақ та кез-келген қазақстандықтың көкейінде көлбең-көлбең ете қалатыны сөзсіз.

Мұны түсіндіруден ШКОЛЬНИК те қашқақтаған жоқ, әйтсе де біздің анық білетініміз – соңғы екі жыл бедерінде электр энергиясына деген баға ұдайы өсіп келе жатыр. Тоқтай қалатын түрі жоқ. Өткен жылдың қорытындысы бойынша еліміз тұрғындары энергияның бестен төрт бөлігін төлеп келген болса, оның қалған бөлігін әдеттегіден жоғары тариф бойынша корпоративтік сектордағы тұтынушылар төлеген екен. Министрліктің ресми мәліметі осылай дейді. ХОШ дейік, енді мына мәселені қалай түсінуге болады: мәселен, біздегі электр энергиясына бағаның өсуімен бірге елімізге жеткізіліп, сатылып-пайдаланылып жатқан энергияны үнемдеуші Electricity Saving Box деп аталатын шет елдік құрылғыға да тыйым салынбақ. НЕГЕ?

Мамандардың айтуларына қарағанда, энергияны үнемдеуші аталмыш құрылғы электр энергиясын пайдаланудың жалпы көлемін азайтпайақ, оған кететін шығынға деген төлемақы мөлшерін екі есеге дейін азайтатын көрінеді. Тағы бір ресми емес болса да нақтыланған мәліметке сүйеніп көрсек, аталып отырған энергия үнемдеуші құрылғы Еуропа елдерінің барлығында белсенді түрде пайдаланылады екен, ал біздің елімізде мұны тұрғындардың барлығы болмаса да, ішінара көпшілігі пайдаланып келеді. Бұл – басы ашық факт, әйтсе де осы бір құрылғыны біздің елімізде ашықтан-ашық жарнамалауға ресми емес (?) түрде тыйым салынипты.

Тағы да «НЕГЕ?» дейміз ғой. Сөйтсек – бұл құрылғы тұтынушыларға тиімді болғанмен, мемлекетке тиімсіз көрінеді, өйткені ол, жалпақ тілмен айтқанда, электр энергиясы құрылымының ағыны мен жүйедегі әртүрлі қысымдарды реттеп, нәтижесінде тұтынушыларға электр энергиясын 63,7 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді екен. Сонда дейміз-ау, сонда Школьник мырза бастаған министрлік осынау үнемдегіш құрылғының елімізге жеткізіле берілуіне, ел тұрғындарының оны жап-жақсы пайдалана беруіне не үшін тыйым салды? Түсінбедік біз мұны, түсінбедік – Школьник мырза!

Марат МАДАЛИМОВ

АССАМБЛЕЯ аясындағы семинар

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының мәжіліс залында «Этносаралық және конфессияаралық келісім – бейбітшілік тірегі» тақырыбында семинар-кеңесі өткізілді.

Шара барысында сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары М.Балабаев кіріспе сөз сөйледі. Одан соң, «Қызылорда облысының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы С.Шаухаманов «Қазақ халқының ұлттық дәстүрлері және рухани құндылықтары» тақырыбындағы, ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Т.Омаров «Имандылық - рухани өнегеліктің, татулықтың қайнар бұлағы» тақырыбындағы баяндамаларын жиналған жұртшылықтың жүрегіне жеткізіп жатты. Және де, Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ-нің бөлім басшысы Е.Уәйстің «Ұлттық келісім - бірліктің кепілі» атты баяндамасы тыңдалды.

Шара соңында тақырыпқа байланысты қатысушылар өз ойларын ортаға салып, әртүрлі пікірлер де айтылды. Семинар-кеңеске қатысушылар тарапынан сауалдар қойылып, шара соңы сұрақ-жауаптарға ұласты.

БИЫЛ БІРҚАТАР БІЛІМ НЫСАНДАРЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Қызылорда облысында үстіміздегі жылы орта мектепке арналған 17 ғимарат жұмысын іске қоспақшы. Бұл туралы облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Майра Барақбаева мәлімдеді. Сонымен қатар, М.Барақбаева: «2015 жылдың аяғына дейін өңірімізде жалпы есеппен 6320 орынға арналған 19 оқу ғимараты пайдалануға беріледі», - деді. Олардың ішінде республикалық бюджет 5100 орындық 7 мектеп құрылысын қаржыландырса, облыстық бюджеттен 850 орындық 10 мектепке қаржы бөлінген.

Жалпылама алғанда, Қызылорда облысының оқу орындары ғимараты құрылысына биылғы жылы 6,5 млрд теңге қаралған. Қазіргі таңда, 22 оқу ғимараты мен 3 балабақша құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары «Тағы да миллиардтаған қаржы өңіріміздің жаңа мәдениет ошақтарына жұмсалады», - дегенді айтты. Алдағы уақыттың еншісіне 7 аула клубы, мұражай және кітапхана құрылысы жоспарланған. Барлық нысандар жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі.

Айта кету керек, мамыр айында 150 орындық Шиелі ауданындағы Төңкеріс ауылы мен Арал ауданындағы Қамыстыбас ауылында екі аула клубы пайдалануға берілген болатын.

ЕҢІРІМІЗДІҢ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ

Қызылорда облыстық мәслихатының экономика, қаржы және жергілікті басқару тұрақты комиссиясының 2015 жылдың І-ші жартыжылдығына арналған жоспарына сәйкес кезекті мәселе жөнінде кеңейтілген отырысы болып өтті.

Комиссия төрағасы Қалқазбек Әжібеков төрағалық еткен отырысқа мәслихат хатшысы А.Әлназарова, облыстық мәслихат депутаттары, облыстық басқарма басшылары қатысты. Жиын барысында Қызылорда облысының қаржы басқармасының басшысы Т.Жақыпбаев пен Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Қ.Мұбараков хабарлама жасап, былтырғы қаржылық есептерге шолу жасап, аймақтағы бірқатар өзгерістерге де тоқтала кетті.

Жалпы алғанда 2014 жылдың қорытындысы бойынша облыста әлеуметтік-экономикалық дамудың макроэкономикалық тұрақтылығы сақталған. Облыстың жалпы халық саны 2013 жылмен салыстырғанда 12 мың 400 адамға артқан. Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 11,1 пайызға, нақты ақшалай табыстар 2,8 пайызға жоғарылаған. Жұмыссыздық деңгейі 4,9% құрап отыр.

Банктер тарапынан кредиттер беру көлемінің азаюынан негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 29,5 пайызға азайған.

Облысымызда өңдеу өнеркәсібінде өсу байқалады. Химиялық өнеркәсіп өнімдерін, металл, резина және пластмасс бұйымдарын, мұнай өңдеу, тамақ өнімдерін өндірудің артуы есебінен өңдеу өнеркәсібінде өсім 7,9 пайызға қамтамасыз етіліп 73,5 млрд.теңгенің өнімі өндірілген.

Облыстық мәслихат депутаты А.Тоғызбаев отырыс соңында барлық басқарма басшыларын, экономистері мен есепшілерін

қаржылық сауаттылығын ашу мақсатында курстар өткізілуі қажет екендігін алға тартты. Сонда ғана айтылып жатқан қаржылық қиындықтар тез шешімін тауып отырады деген ұсыныс айтты.

Талқылау қорытындысымен айтылған ұсыныс-пікірлер қаперге алына отырып тұрақты комиссияның кеңейтілген отырысындағы күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаулы қабылдады.

Бетті дайындаған
Рыскелді ЖАХМАН

«26 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ»

Нашақорлыққа қарсы ФЕСТИВАЛЬ ұйымдастырылды

«26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күні» аясында Қызылорда облысы ішкі істер департаменті Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының ұйымдастыруымен орталық алаңда нашақорлыққа қарсы фестиваль ұйымдастырылды. Фестиваль барысында митинг өткізіліп, жыл көлемінде есірткі мәселесін көтеріп, үздік ақпараттандыру шарасын жүргізген БАҚ, қоғамдық ұйым өкілдері департамент тарапынан алғыс хаттармен марапатталып, естелік сыйлықтарға ие болды.

Шара барысында концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, театрландырылған қойылымдар, ән мен би көрермен назарына ұсынылды.

Аталмыш акцияға Қазақстан эстрада жұлдызы Серік Ибрагимов шақырылды. Әнші өзінің өнерін көрсетіп, бұқара қауымды нашақорлықпен ұйымдасқан түрде күресуге шақырды.

Кешенді іс-шараға қатысушыларға үгіт-насихат өнімдері, мерекеге келген балаларға ойыншықтар таратылды.

Қызылорда ОІД ЕБҚКБ тарапынан шығартылған полиграфиялық үгіт-насихат өнімдері (плакаттар мен үгіт парақтары) қала, аудандарға таратылып, олар халықтың көп шоғырланатын жерлеріне ілінді.

АСТАНА - ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КҮӘСІ

Астана күнін ресми түрде атап өту Ішкі істер департаментінде игі дәстүрге айналды. Қызылордалық полицейлер бұл жолы да өздерінің қалыптасқан әдеттерінен таңбай, іс-шаралар жоспарына сәйкес 3 шілде күні департаменттің үлкен мәжіліс залында бас қосып, ақпараттық-танымдық мәліметтермен бөлісті.

Шара барысында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Қазақстан журналистері одағының мүшесі Әбілов Алдажар Әбдресұлұлының «Астананың құрылуы мен дамуы» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды.

Сонымен қатар, «Астана күні» мерекесіне арнайы түсірілген Астананың құрылуы мен бой көтеруінен сыр шертетін хроникалық деректі фильм департамент қызметкерлерінің назарына ұсынылды.

ПОЛИЦЕЙЛЕР ҚОҒАМ ҚАСІРЕТІН ТЕАТР САХНАСЫНДА КӨРСЕТТІ

«26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күні» қарсаңында есірткіден азат қоғамды қалыптастыру, жастар арасында саламатты және салауатты өмір салтын насихаттау, бүкіләлемдік зұлматқа айналып отырған дерттің кең етек алуының алдын алу мақсатында Қызылорда облысы ішкі істер департаменті Есірткі бизнесіне қарсы күрес департаменті мен Облыстық мәдениет басқармасының бірлескен жұмысы нәтижесінде «Қандыөзек» спектаклі көрермен назарына жол тартты.

Спектакльдегі оқиға нашақор болып кеткен боз баланың өмірі төңірегінде өрбіп, нашақорлық жолына түсіп кеткен жанның трагедиялық өмірі мен өлімін суреттейді. Әртістер нашақорлық қасіреті бір отбасы бақытын жалмап кеткендігін, өрмекшінің өрмегіне түсіп алған нашақорлардың тағдыры, келеңсіз өмірдің ащы шындығын көрерменге шебер жеткізе білді.

Тегін түрде қойылған қойылым көрерменнің көңілінен шығып, ризашылығына бөленді.

Қызылорда ОІД баспасөз қызметі.

ЖЕҢГЕТАЙДЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Ағымдағы жылдың 29 маусым – 1 шілдесі аралығында Қызылорда облысы аумағында **«STOP трафик»** жедел-профилактикалық іс-шарасы жүргізілген болатын. Аталған шараның басты мақсаты – адам саудасына байланысты қылмыстарды ашу, ескерту, жолын кесу және еңбегін қанау мақсатымен адамдарды ұрлау және бас бостандығынан айыру саласындағы қылмыстарды анықтау болып табылады.

Шара барысында Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері ҚР ҚК-нің 309-бабы, яғни Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық дерегі бойынша 4 қылмысты анықтап, барлығына қатысты қылмыстық істер қозғады.

Атап айтқанда, 29 маусым күні А. есімді қала тұрғыны демалушы азаматтарға жеңіл жүрісті жас қыздарды тауып беріп, осы қызметі үшін олардан әр түрлі көлемде ақша алып, пайдакүнемдік мақсатта жеңгетайлық қылмыспен айналысып жүрген жерінен құрықталды. Аталған қылмыс дерегі бойынша ҚР ҚК-нің 309-бабы 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық іс қозғалды.

Қызылорда ОІД баспасөз қызметі.

ҚАЙТЫС БОЛҒАН НЕМЕРЕСІНЕ ЖӘРДЕМАҚЫ АЛЫП КЕЛІПТІ

Арал ауданында қайтыс болған немересін пайдаланып, бір жыл бойы жәрдемақы алып келген азаматшаның қылмысы әшкереленді. Аудандық прокуратурамен бір жасқа толмаған балаларға төленетін жәрдемақының төлену заңдылығына жүргізілген тексеру нәтижесімен қылмыстық құқық бұзушылық дерегі анықталды, - деп хабарлайды облыстық прокуратураның баспасөз қызметі.

Нақтыласақ, аралдық азаматша 2010 жылдың 8 қазанында дүниеге келіп, 12.10.2010 жылы қайтыс болған немересіне бір жыл көлемінде жәрдемақыны заңсыз алып, мемлекетке 117129 теңге шығын келтірген.

- Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында азаматшаның мемлекетке келген шығынды толығымен қайтаруына байланысты оған қатысты қылмыстық іс ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 12-тармағына сәйкес өндірістен тоқтатылған. Сонымен қатар, аудандық соттың 28 мамыр 2015 жылғы үкімімен азаматтық істі сотта қарау барысында немересінің 1 жылдан кейін қайтыс болды деп жалған айғақ бергені үшін ҚР ҚК-нің 420 бабының 1-бөлігімен 3 жыл бас бостандығынан шектеу жазасына сотталды, - делінген хабарламада.

АЖ-ақпарат.

АЙТЫСТЫҢ ЕСЕРЛЕНГЕН ЭСТРАДАДАН ЕНШІСІ БӨЛЕК...

Айтыс өнерінің халық кәдесіне жарап, сөз өнерін ел мұраты үшін қызмет еткізіп, елдің еңсесін көтеріп, ердің егесте есесі кетпеуі үшін айбатты болуға табысы зор. Кешегі көшпелі өркениетте заң мен биліктің шындығын айтып, көшпенділер демократиясы болған - айтыскерлер. Бірақ ол кездегі айтыс саяси сөз өнеріне айналған жоқ. Ол кезде халықтың, елдің бар хал-ахуалы, күш-қуаты, әлеуметтік жағдайы айтыста ерекше жырланып келді. Ал бүгінгі айтыс саяси жағдаятта ғана өрби алды. Ал айтыстың ең әуелгі мазмұны ойын-сауық. Яғни, айтыс кезінде бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарының міндетін бір өзі арқалаған өнер түрі болатын. Сол көпқырлылығының арқасында айтыс қазақ руханиятындағы өміршең өнердің бірі. Бүгінгі айтыс осы өміршеңдіктен айырылып, шындықты айтам деп сұмдыққа бастау, ұлықты тұқыртам деп бүлікке бастау болып барады. Бұл дегеніміз ақындық та, батырлық та емес. Соңғы кездері айтыскерлер биліктің шен-шекпенінен шыға алмай, шындық айтудан қалды. Кезіндегі Шынболаттың шыңғырған шындықтары, Аманжолдың қиыннан қиыстырып, астарлы жеткізген ақиқаттары, Әселхан мен Шорабектердің сарказммен айтқан ойлы сөздері, Айтақын мен Сары тентек Қуаныштың өрескел қимыл-әрекеттері шындықтың шыжығына от салғандай болды. Айтыста олар сияқты айта алған ақынның аузына қақпақ қойылған кез болған емес. Ендеше, бүгінгі ұраншыл, шыңдық айтамын деп әділдік айта алмайтын, пафосшыл ақындардың ордасы көбейсе, көп жылғы көшпенділердің мұрасы көпке жетпесі анық. Әсіресе, бүгінгі жастар айтысында әттеген-ай дейтін тұстар да көп.

Жастар айтысында көбіне-көп тақырыпты меңгермей, шындықты тақырыппен байланыстыра алмай, боссөзділікке бой алдырып жатады. Тақырып көзделген айтыстың мазмұнына қатысы жоқ жайттарды көтеретін жас айтыскерлер қиыннан қиыстырып, әдемі шындықты ойнатта білмейді. Бір-біріне сауал тастап, оған жауап беруді жастар тіпті құп көрмейді де. Олар өздерінше басқа мәселе төңірегінде ой айтып, басқа бағытқа адасып жатады. Тіпті, жас буын өкілдері Айбек Қалиев, Айнұр Тұрсынбаева, Мәлс Қосымбаев, Аманжол Әлтаев, Ринат Зайытов сынды айтыскер ақындардың қолданған ұйқастарын сіңіріп, оларды да жұрт назарына ұсынып жатады. Оны да біздер байқадық. Жас айтыскерлер әуен табу жолында адасушылыққа барып жүр. Айтыс өнерінің нағыз көркемдігін кіргізетін аранжировкасы - әуенінде. Тіпті, көрермен қауым да айтыскерлердің әуеніне қол соғатын болды. Сондықтан жастар да бұл арада халыққа жағымды әуенді іздеп, қулыққа басып келеді. Айтыста мақамға салып, халықты улатып-шулатып ештеңе таба алмаймыз. Тіпті, айтыс соңында айтылатын әндердің өзі бүгінгі хитке айналған қазақ және шетел әндерінің үлесіне ауып кетті (Қайрат Нұртас, Бейбіт Қорған, Ақылбек Жеменей, Дәурен Сейітжанов, PSY). Бірақ бір күндік әндермен мыңжылдық тарихы бар айтыс өнерінің дәрежесін төмендетпеу керек. Керісінше, халық әндері мен жыршы-термешілердің әндерін айтыс соңындағы түйінді мақамдарға алып келуге болады.

Айтыста шоу жасап, халықты алдау деген ұлттық рухани мұраны алдаумен тең. Орынсыз тұстарда да хит әндерді айтыс мақамына салып ала беретін болдық. Айтысқа шоу, халық қошеметі керек шығар. Бірақ хит әндерсіз де оны жасауға болады. Оған дәлел 2013 жылы Елордада ұйымдастырылған «Кіл жүйрікте, кім жүйрік?» аламан айтысы «Құлмамбет айтысы» түрінде өтті. Мұндай айтыс тұңғыш рет ұйымдастырылып отырғаннан соң, әу баста көрермендерге бір түрлі көрінді. Бірақ төрт ақынды қатар отырғызып, суырып салмалығы жағынан сынға түскен айтыскерлер халықтың қошеметін алып, нағыз шоу айтыстың үлгісін ұсынды. Енді мұндай айтыс түрінің қатарына «Мысал айтыс», «Дін айтыс», «Жұмбақ айтыс», «Жазба айтыс» секілді түрлерін қайта жандандырып әкелер болсақ, шоудың көкесі сонда болмақ. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» екені рас. Дегенмен айтыскерлер мемлекеттік, ұлттық мәселелерді тыңдар құлаққа астарлап, байыппен, қалжыңдап отырып қытығына тигізіп отырып айтса, ұлттық брендіміздің де ғұмыры ұзақ болары сөзсіз. Өйткені шындықты айта алатын да сөз, шындықты өтірікке жеткізетін де - сөз. Айтыс - ақиқат.

Алтынбек Құмырзақұлы
Abai.kz

Сөз патшасы

Бөкебай Дина Мәделханқызы 1999 жылы 1 қаңтарда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қожабақы ауылында дүниеге келген. 2006 жылы Қожабақы ауылындағы №25 мектептің табалдырығын аттаған. Қазір, аталған мектептің 9 - сыныбында оқиды. Облыста өткен бірқатар жыр мүшәйраларының жеңімпазы. Халықаралық «Ақбозат» мүшәйрасында 2 орын, облыстық «Сыр толқыны» мүшәйрасында бас жүлде иеленген. Дина болашақта қазақтың жанымен астасқан әдебиет әлеміне тамшыдай болсын үлесін қосқысы келеді. «Ақындық атақта емес, арда ғана!» - деген аталы сөзді өзінің өмірлік ұстанымы ретінде қолданады.

Ұлт дегенде ойыма...

Шыдамас ем бір айға да, бір апта,
Сезімімді салғандай-ақ сынапқа.
Бүкіл әлем терминдері лып етті,
Жете алмастан «Отан» деген ұлы атқа!

Шімірікпей, айта аламын шіреніп,
Біз ұлымыз! О бастан-ақ ұлы едік!
Шағалаша шарқ ұрғанды, мына әлем,
Жете алмай, «ұлт» дегенге тіреліп!

Барға – ырза, тәубе дейтін жоқ кешіп,
Өткен күнге айта алмастан өкпесін...
Қасқыр өңім қасқаяды қиынға,
Тастүлегім қырандарша көкте ұшып!

Талай-талай мыңжылдықпен шиырлас,
Бөрі едік-ау, қалдырмайтын үйірді аш.
Халық болу – анық болу Жерде шын,
Ал ұлт болу, кез-келгенге бұйырмас!

Жүрегімде Мағжандардың оты һәм,
Алатаудай алып арман тотығар.
Азапты ұққан асқақтығым болған соң,
Қазақтықтан бас тарта алмай отырам!

Тектіліктен тамыр алған тақымды ұл,
Жырын жазбай кете алмайтын ақын құр.
Етігіммен су кешсем де, жетпейді
Жетімімді жылатуға дәтім бір!

Алашты азды деуге қалай іш қияд,
Тәңір берген тағдырымнан түспей-ақ,
Маған қиын әр қазақтан айырылу,
Маған сірә, өлімімнен күшті ұят!

Өз алтынын қадірлемес кейде адам,
Өз даламдай кеңдік жетпей, ей, маған!
Әрбір қазақ маған «бауыр» сондықтан,
Әр тағдырды ойлағанда қиналам!

Отырар ма ед, қобызға бас иіп, беу!
Ол жаншылса, ішем қайғы, күйік те, у!
Жігіттері нанға сатпас намысты,
Ал қыздары, арын қояр биіктеу!

Қасиетім жарар ма еді құптарға,
«Қиын емес,- деп айта алман,- түк те алда»
Ұлт тағдыры қыздарда деп ұғатын,
Бұл әлемде қазақтардай ұлт бар ма?!

Қасіреті кетер ме еді күрт төніп,
Ал ол үшін мәңгүрттерді құрт толық!
Отан, тарих, тіл де керек білсеңіз,
Қалу үшін мәңгілікке ұлт болып!

Аландатқан осы жайт па, о, мені
Бөлек таным, ойдың жоқ та көмегі,
Отқа түсіп күймеген соң емес ел,
Өз ұлтын шын сүймеген соң өледі!

Ұлт сөзі, бар ма сенде ойнақы мән,
Сенім де бар, бар рас ойда – күмән.
Қазақ боп, ғажап болып туылған соң,
Тарихта тамыр жаймай, қайда тұрам!?

Өткен күн тұратындай жаңғырып өр,
Айтайын жанша өмірлік заңды білер.
Мәңгілік ұлт болмақпын болашақта,
Қалмақпын болып жалғыз мәңгілік ел!

«Менің қалам...

Жанардан жас болып ауытқыр боз ғалам,
Бар менің ешкімге тиіссіз, өз қалам.
Аспанға аңсары ауғандар, таң сәрі,
Қолыңды соз маған!!
Көкейде тоқтаусыз ұлыса бөрі арман,
Бұл қала шығады, күттірмей көп алдан...
Себепсіз сүюге болатын...және де,
Жек көру дегенің атымен жоғалған!
Жолы жоқ асфальтта, қырда да,
Бұл қала әлемде бір ғана...
Даланың күмбірін, сананың мұңлығын,
Сыйдыра алады бұл қала!
Гүл жарған секілді, көктемде бүршіксіз,
Жан біткен, жансыз қап, тұншықсын.
Кіруге билеті тегін ғой...
Алайда,
Жүректер болуы міндетті кіршіксіз.
Сабырды сарқып ап, жалғандық түгесіп,
Сол қала үшін де күресіп,
Бір қақпа ашулы бәрі үшін,
Бәріне ашулы бір есік...
Ол менің әлемім...

Мен сүйгім келеді...

Мен сүйгім келеді,
Қыстағы жауатын ұлпаның соңғысын,
Күздегі сарғайған жапырақ болмысын.
Мен сүйгім келеді,
Өкпешіл жандарды, бұртиған қабағы,
Киікті, жәутеңдеп тұратын жанары.
Мен сүйгім келеді,
Алланы, мейірімге қандырған пендесін,
Көктемді, жаныммен жадырап келгесін,
Мен сүйгім келеді,
Жаңалық толысқан жасқаншақ тағдырды,
Сіркірей, дүркірей өтетін жаңбырды,
Мен сүйгім келеді,
Көбелек - ғұмырдың әр сәтін, әр күнін,
Сүюге лайықты дегеннің барлығын!
Мен сүйгім келеді...

БӨКЕБАЙ ДИНА МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ

20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӨМІРІ ТУРАЛЫ ФОТОДЕРЕКТЕР

Тарих білімі мен ғылымы кеңістігін кеңейту оның деректемелік базасымен байланысты екендігі белгілі. Қазақ тарихы мен мәдениетінің қазынасын жинақтау мемлекеттік саясатқа айналғаны да айқын. «Мәдени мұра», «Асыл мұра» мемлекеттік бағдарламалары осыған дәлел. Дереккөздердің көбеюі тарихи зерттеудің сапасын арттыруға, түрлі бағыттағы ізденістер жүргізуге мүмкіндік береді. XX ғасырдың екінші жартысынан гуманитарлық ғылымдарда «антропологизациялану» (адамға бет бұру) тенденциясы анық сезіледі. Бұл тенденция, әсіресе, кеше тоталитарлық және авторитарлық жүйеде өмір сүрген біз сияқты мемлекеттердің саясиидеологиялық бояуда жазылған ресми тарихын қарапайым қоғам мүшелерінің тарихымен толықтыру мақсатында өзекті. Қарапайым адам тарихын жазу оның тұтас тарихи портретін жасаудан тұрады. Әлеуметтік ғылымдар бұл портретті күнделікті өмір негізінен іздейді. Осыған орай «күнделіктілік тарихы» немесе «күнделікті өмір тарихы» деген ұғымдар айналымға енді.

Негізгі фотоқұжаттар қоры Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбасы мұрағатында сақтаулы. Осы мұрағат қорындағы фотоқұжаттардың басым бөлігін тұрмыстық және көріністік суреттер құрайды. Олардың сол заманның құжаттық куәгерлері ретіндегі маңызы күннен күнге артып келеді. Мұрағат қорларында сақтаулы осындай фотодеректердің саны – 250 000. Олардың арасында айналымда жүрген және әлі белгілі бола қоймаған фотосуреттер бар.

Сонымен қатар, фотоқорлар мұражайларда да баршылық. Мәселен, Орталық мемлекеттік мұражайда 80 000 сурет экспонаттары бар екендігі көрсетіледі.

Өнер зерттеушілері Қазақстандағы фотосурет тарихын нақты бір жылмен байланыстыра қарастырады. Олар 1854 жылы белгісіз автор түсірген Семейде айдауда жүрген жазушы Ф. Достоевский мен қазақ ғалым-этнографы Ш. Уәлихановтардың портреті Қазақстан тарихына қатысты ең алғаш түсірілген фотосурет деседі.

Қазақ даласына XIX ғасырдың екінші жартысында келген шетел саяхатшылары мен зерттеушілерінің қазақ даласы мен халқының тұрмысы туралы түсірген суреттері кездесе бастайды. Олардың бірқатары жинақтар ретінде белгілі. Сондай ірі жинақтың бірі 1200-ге жуық суреттер енген «Түркістан альбомы». Бұл альбомды 1871-1872 жылдары Түркістан генерал-губернаторының тапсырмасымен шығыстанушы А.Л. Кун жинақтағаны тарихтан анық. Аталмыш көптомдық жинақта Түркістан өлкесі халқының тұрмысы мен мәдениеті көрініс тапқан. Бұл суреттерді фотографтар тобы түсірген. Өкінішке орай, олар туралы нақты мәліметтер жоқтың қасы. (Жинаққа енген фотоматериалдардың ішінен іріктелген Қазақстан тарихына қатысты суреттерден 2005 жылы альбом шықты).

Қазақстан тарихы туралы фотоқұжаттардың келесі бір жинағы 1874 жылы жарық көрген – «Батыс Сібірдің көріністері мен түрлері». Бұл альбомның авторы өлке губернаторының әйелі Л.К. Полторацкая деп есептеледі. Қазақ даласын зерттеуге келген экспедициялар материалдары арасында да осындай этнографиялық фотодеректер бар. Бұл альбомдардың барлығы – қазақ даласы мен оның халқының жалпы тұрмыс-тіршілігі және сол кездегі күнделікті өмірінің құнды деректері.

Қазақ даласы туралы бағалы этнографиялық суреттер жасауға үлес қосқан жеке авторлардың бірқатары белгілі. Олардың арасында елімізде айдауда болған поляк Константин де Лазари коллекциясын (коллекция 2000 жылы Лодзи көрмесінде көрсетілді), Жетісу өлкесіндегі патша әкімшілігінің шенеуніктерінің бірі болған Н.Н. Пантусов коллекциясындағы 200-ден астам фотоматериалдарды (ҚР Орталық мемлекеттік мұражайының қорында сақтаулы) атап өтуге болады. XX ғасыр басында тұрмыстық фотосуреттер пайда бола бастады. Мұндай материалдарды біз 1873 жылы Верныйда ашылған С.А. Лейбин ательесінің және 1903 жылы Павлодарда ашылған Д. Багаев студиясының жұмыстарынан ала аламыз. Д. Багаевтың фотосуреттері біздің тақырыбымыз бойынша негізгі деректердің қатарын құрды. XX ғ. 20-30 жылдары Д. Багаевтың Павлодар және Солтүстік Қазақстан өлкесі бойынша тұрмыстық суреттерінде, А. Ионовтың Жетісу өңірі, оның табиғаты мен халқы туралы фотодеректерінде көрінеді.

Мына фотодеректер қазақтардың ұлттық тұрмысы туралы мәлімет береді.

Қалада тұратын қазақ отбасы. XIX ғасырдың аяғы.

Атап кететін тағы бір мәселе тұрмыстық тақырыптағы бай материалдарды жеке қорлардан табуға болады. Соның бірі фотограф әрі өлкетанушы Д.П. Багаевтың (1884-1958) фотодеректер коллекциясы. Д. Багаев – Солтүстік Қазақстанның түкпір-түкпірінде болған, өмір бойы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізген, көптеген палеонтологиялық және этнографиялық экспедицияларға қатысқан адам. Кейін өзі негізін қаласқан Павлодардағы облыстық өлкетану мұражайының алғашқы директоры болған. Онда Д.П. Багаев жинаған материалдар қойылған. Ол «фотосурет – ермек емес, фотосурет дегеніміз ғылым да, өнер де, уақыт куәгері де» деген. Багаев осы пікірін өз жұмыстарында анық дәлелдеген. Ол қазақ ауылдарын көп аралап, тұрмыстық суреттер түсірген. Мысалы, төмендегі суреттерде диірмен тартқан бала, қазан басындағы әйел бейнеленген. Бұл материалдар қазақтың күнделікті өмірінің бояуын ашуға, тұрмыстық жағдайын көзбен толық сурет еріп көруге мүмкіндік береді. Бұл фотоқұжаттардың тағы бір құндылығы ол дәстүрлі қазақ тұрмысына европалық мәдениет элементтерінің ене бастағанын анық көрсете білген. Кеңестік биліктің тұрмысты саясаттандыруға көшкен шаралары: митингтер, астық тиеген арба керуендері, ұран ұстаған қарапайым адамдар. Мұндай көріністер жиі кездеседі. Төмендегі фотосурет жаңа және дәстүрлі өмірдің түйісуін – сары даланың ғасырлық көлігі түйе мен жаңа ғасыр көлігі темір жолдар – білдіретін осындай символдық сурет.

Киіз басу. 1920 ж.КФҚДЖ ОММ. №2-66336.



Қазақ әйелдері астықты өңдеуде. 1928 ж. КФҚДЖ ОММ.

Қазақ арбасы. Репродукция. 1927 ж.

Қорыта айтсақ, отандық тарихтың бетіне рең беретін фотоқұжаттар, қарапайым адамдардың әдетті тіршілігін анықтау үшін де маңызды. Соңғы жылдардағы ғылыми ізденістер фотоқұжаттарды, соның ішінде жеке қорларда жатқан фотоқұжаттарды да зерттеу жұмысы маңызды екенін көрсетеді. Тарихшылар фотоқұжаттарды көбіне иллюстрациялық материал ретінде ғана қолданады, дерек ретінде оны зерттемейді. Ал қорларда жинақталған фотоқұжаттар әлі де өз зерттеушісін күтуде.

Шолпан НҰРМАН
e-history.kz

МҰРАҒАТТЫҚҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын және шетелге жіберілетін мұрағаттық анықтамаларға және мұрағаттық құжаттардың көшірмелеріне апостиль қою мемлекеттік қызмет түрінде ХҚКО-да көрсетіледі. Құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап көрсетілетін қызметті берушіге - 3 (үш) жұмыс күнде жауабын алады. ХҚКО-ға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті берушіге осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы берген сәттен бастап - осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхатта көрсетілген күні және уақытта, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы құжаттарды тапсыру үшін күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт - 5 минутта беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесін ұсынады:

жеке басты куәландыратын құжат және (немесе) сенім білдірілген адамның өкілеттілігін растайтын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін), осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы байланыс деректерін (почталық мекенжайы, байланыс телефоны) көрсете отырып толтырылған өтініш, мемлекеттік мұрағаттың ілеспе хатымен бірге мемлекеттік мұрағат мекемесі берген, апостиль қойылатын мұрағаттық анықтама және (немесе) мұрағаттық құжаттардың көшірмелері, бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат тапсырады.

Егер қызметті үшінші адам рәсімдесе, көрсетілетін алушы орталыққа сенімхат ұсынуы тиіс. ХҚКО инспекторы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді. Сіздер үшін ХҚКО-ның Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 9.00 - ден 20.00 - ге дейін «бір терезе» қағидаты бойынша, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетуге әзірміз

С.САЙРАНОВА,
Жалағаш аудандық ХҚКО-ның бөлім инспекторы.

МҰНАЙШЫҒА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдерінің құбырларын пайдалану қызметіне лицензия беру мемлекеттік қызметіне өтініштерін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері 2014 жылдың 13 ақпаннан бастап халыққа қызмет орталығы арқылы және электрондық үкіметтің www.egov.kz веб-порталы арқылы жүргізіле бастады. ХҚКО-ға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде - 15 (он бес) жұмыс күнде жауабын алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.

Көрсетілген қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті ХҚКО мына құжаттардың топтамасын ұсынады: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген заңды немесе жеке тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш, ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, осы қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі, қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі бағдарламалар мен іс-шаралардың, қазіргі заманғы жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып жұмыс істейтін өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бағдарламалардың, жөндеу жұмыстарын орындау жоспарларының бағдарламаларының,аварияларды жою жоспарының көшірмелерін ұсынады.

И.ЖӘНІБЕКОВА,
Жалағаш аудандық ХҚКО-ның бөлім инспекторы.

АТЫҢЫЗДЫ ӨЗГЕРТЕМ ДЕСЕҢІЗ...

Адам өмірінде өзгеріс орын алайын десе оған ең аз дегенде бір күннің қажеті жоқ. Тіпті, бір секунд ішінде өзгеріс болуы мүмкін. Айтып отырған өзгерісіміз лайым жақсы жақтардан болғай!

Ал егер тегіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын, ұлтыңызды өзгерткіңіз келсе, Сіз әділет Департаментіне немесе ХҚКО немесе қазіргі заманға сай интернет арқылы www.e.gov.kz сайтына кіріп, электрондық үкімет порталы арқылы қажетті уәкілетті органдарға жүгіне аласыз.

Ең ыңғайлысы «Халыққа қызмет көрсету орталығына» келіп тапсыру деп ойласаңыз, төмендегі ретте орналасқан құжаттар тізімін білгеніңіз абзал:

1) Жеке куәлік

Сонымен қатар, қызмет алушы 2008 жылға дейін туылса, некеге тұрса немесе ажырасса немесе бұл мерзімге дейін туылған балалары болса, бала асырап алса, онда қосымша мына құжаттар қажет:

2) Қызмет алушының туу туралы куәлігі;

3) Некеге тұру туралы куәлігі;

4) Қызмет алушының кәмелетке толмаған баласы болса, онда ол баланың туу туралы куәлігі;

5) Асырап алу туралы немесе әкелікті бекіту туралы куәлік;

6) Егер қызмет алушы некенің бұзылуына байланысты өзінің қыз кезіндегі тегін алу туралы өтініш білдірсе,некені бұзу туралы куәлік;

7) 3*4 көлемдегі екі сурет;

8) Мемлекеттік баж салығын бюджетке төлегендігін растайтын құжат, егер ол Электрондық үкіметтің төлем шлюзы арқылы төленгенін есепке алмағанда;

9) Қажет жағдайда қызметкер қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін, тегін, атын, әкесінің атын өзгертуге байланысты растайтын себептер;

10) Барлық құжаттармен бірге бекітілген үлгіде өтініш жазуы қажет.

Жоғарыда аталған қызмет түрі «Есімді, әкесінің атын, тегін, соның

ішінде азаматтық жағдай актісіне өзгертулер, толықтырулар енгізуді тіркеу» мемлекеттік қызметі ақылы түрде жүзеге асырылады. Қызметтерді тіркеу үшін 2 АЕК (3704 теңге) көлемінде, ал қызметті көрсетуге байланысты куәлікті беру үшін 0,5 АЕК (926) теңге көлемінде мемлекеттік баж салығын төлеу қажет.

Әрбір адам өз тағдырының қожасы болғандықтан, өмірін жақсы жақтарға қарай өзгерту өз қолында. Өмірлеріңіз игі істерге толы болсын!

Қызылорда қаласы ХҚКО баспасөз бөлімі.

Жерлестеріміздің Жарқын Жеңісі

Маусым айының 21-29 аралығында Талдықорған қаласында Қазақстан Республикасының IV жазғы спартакиадасы аясында көгалдағы хоккейден байрақты бәсекенің жалауы желбіреген болатын.

Ерлер мен әйелдер арасында өткізілген айтулы жарысқа Алматы қаласы, Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарынан 6 команда шеберлік байқасып, өзара мықтыны анықтады. Нәтижесінде әйелдер арасында Сыр елінің сұлулары көш бастады. Финалда Алматы аруларынан 2:1 есебімен айласын асырып, Қазақстан спартакиадасының жеңімпазы атанды. Үшінші орынды Батыс Қазақстан облысының спортшылары місе тұтты.

Ал, ерлер арасындағы ойында Қызылорда облысының құрама командасы күміс жүлдеге ие болды. Бірінші орын Алматы облысы құрамасының қоржынында кетті. Үздік үшінші орын жамбылдықтарға бұйырды.

«Шәкірттерім үшін негізгі кезеңдер артта қалып, енді шешуші сындар күтіп тұр. Спортшылар биылғы жылы өтетін Азия ойындарына жолдама алу үшін алдағы 12-23 шілде аралығында Алматы облысында болатын көгалдағы хоккейден Қазақстан Республикасының чемпионатына қатысады», - деді облыстың аға жаттықтырушысы Сұлтанбек Қобландин. Сонымен қатар, С. Қобландин алдағы жарыстарда шәкірттерінен тағы да жеңіс күтетінін жасырмады.

Қызылордалық гандболшылар тағы да ерледі

Қызылорда қаласында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған қол добы спорты түрінен әйелдер арасында Қазақстан Республикасының 4-ші жазғы спартакиадасы мәресіне жетті. Жарыстың өңірімізде өтуінің де өзіндік сыры бар. Жалпы, Сыр елінде гандбол өте жақсы дамыған спорт түріне жатады. Оған себеп, аталған команда көптеген байрақты бәсекелерде топ жарып, ел үмітін ақтап жүр. Сонымен қатар, қол добы шеберлері 2008 жылы Бейжің олимпиадасында ел намысын қорғаған болатын. Арнайы мектебін қалыптастырған қызылордалық команда осы жолы да қарқынын алғашқы ойынынан-ақ байқатты.

Бір аптаға созылған жарыс қорытындысы бойынша Қызылорда облысының «Сейхун-КАМ-КМУ» командасының мерейі үстем болды. Айта кетейік, төрт жылда бір мәрте ұйымдастырылатын айтулы додада Сыр спортшылары 2007 және 2011 жылдары топ жарып, Қазақстан чемпионы атағына қол жеткізген болатын. Биыл жерлестеріміз бұл жетістіктерін еселей түсіп, осымен үшінші мәрте ел спартакиадасының чемпионы атанып отыр. Жарысты ұйымдастырушылар өткізілген барлық ойындардың өте тартысты өткенін, командалардың тыңғылықты дайындалып келгендігін алға тартты.

Аталмыш жарысқа биыл Алматы қаласы, Алматы, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қызылорда облыстарынан барлығы 117-ге жуық спортшы қатысқан болатын.

Қарсылас шақ келтірмеген қызылордалық бұрымдылар ақтық ойында Алматы облысының қыздарымен кездесіп, 37:29 есебімен қарсыластарын қапы қалдырды. Жүлделі үшінші орын үшін тартыста Шығыс Қазақстан облысының командасы 23:14 есебімен Павлодар облысының спортшыларынан басым түсті.

Жарыста «Үздік ойыншы» номинациясын шығысқазақстандық Полина Михайлова иеленді. ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері алматылық спортшылар Ирина Александрова мен Анастасия Родина, сондай-ақ қызылордалық бұрымдылар Евгения Цупенкова, Виктория Колотинская және ҚР спорт шебері Дана Әбілдаларға «Сейхун-КАМ-КМУ» гандбол клубы тағайындаған ақшалай сыйақы табысталды. Сонымен қатар, жеңімпаз және жүлдегерлерге ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің кубок, медаль және дипломдары берілді. Осындай талантты спортшыларды дайындағаны үшін үш облыстың жаттықтырушылары естелік сыйлықтармен марапатталды.

Қос ойынның нәтижесі

Елорданың «Астана-Арена» стадионында өткен «Астана» - «Қайсар» кездесуінде алаң иелері жеңісін тойлады. Осылайша жерлестеріміз ел чемпионына 0:2 есебімен есе жіберді.

Есе жіберді дегеніміз болмаса, жерлестеріміз жеңісті қолдан бере салған жоқ. Азулы қарсыластарына ойын барысында қауқар көрсетумен болды. Намысқа тырысып, қарымта шабуылдар ұйымдастырып, елордадан енші алып қайтуға тырысты. Ойынның 26 минутында Марин Аничичичтің қақырата тепкен добы қақпа бағанасына тиді де, күтпеген жерден «Қайсар» ойыншысы Рахымжан Розыбакиевтен серпіліп, қақпаға бір-ақ кірді. «Қасқырлар» қақпасына екінші гол екінші бөлігі бастала бергенде соғылды. Таңат Нөсербаев қорғаушылардан айласын асырып өтіп, Кирилл Прядкинмен жеке-дара шықты да, таблодағы көрсеткішке өзгерту енгізді. Осылайша, тартысты өткен ойынның нәтижесінде «Астана» ойыншыларды үш ұпайды қоржындарына салып кетті.

Есеріңізге сала кетейік, «Қайсар» Қазақстан Премьер-лигасының 18-туры аясында Шымкенттің «Ордабасы» командасын қабылдаған болатын. Ол ойында 1:1 есебі тіркеліп, «Қайсар» қарсыласымен ұпай бөлісті.

Ойынның бірінші бөлігінде, Жаслұлан Молдақараев оң қапталдан ойқастап, «Ордабасының» қорғанысын бұзуға әрекеттеніп көрген болатын. Алайда допты қақпаға шірене тебетін өзге шабуылшы табылмады. Кездесудің соңына дейін қос команда бір-бірден есеп ашып, қорытындыны тең ұстады.

Ойыннан соң, «Қайсар» командасының бас бапкері Дмитрий Огай: «Ордабасыны жеңуге болар еді», - дегенді айтты. Ойынның осылайша өрбуін бас бапкер былайша түсіндірді. «Ақтөбеден» кейін қақпасына ең аз гол жіберген команда – «Ордабасы». Әлбетте, қорғанысы мығым екен. Дегенмен, мүмкіндіктерімізді голға айналдыруымыз керек еді», - деді бас бапкер.

Енді жерлестерімізді тағы да қиын ойын күтіп тұр. 12 шілде күні «Қайсар» сырт алаңда «Қайратпен» кездеседі.

Бетті дайындаған:
Рыскелді СӘРСЕНҰЛЫ

Меншік иесі – «Алаш жолы – XXI» ЖШС

Директор - бас редактор
Нағымжан Сауяев
Тілші - Рыскелді Жахман

Газет 01.07.2014 жылы ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркелген.
Куәлік №14434-Г.

e-mail: alash_zholy@mail.ru

Жекелеген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Алаш жолы» газетінде жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеледі. «PRINT» баспасханасында (Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49 үй) басылды. Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Басылым аптасына бір рет жарық көреді.

Тапсырыс №701
Таралым 2000

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, 88, 3-қабат. Толық мәлімет алу үшін: 8 (7242) 23-12-98 телефонына хабарласуға болады.